

Register your product and get support at
www.philips.com/support

MCM2050



CS Příručka pro uživatele

ES Manual del usuario

HU Felhasználói kézikönyv

PL Instrukcja obsługi

PT Manual do utilizador

RU Руководство пользователя

SK Príručka užívateľa

SV Användarhandbok

UK Посібник користувача

KK Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

| | |
|--|------------|
| 1 Маңызды ақпарат | 200 |
| Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз | 200 |
| Есту қауіпсіздігі | 201 |
| 2 Шағын жүйе | 202 |
| Кіріспе | 202 |
| Қораптың құрамы | 202 |
| Негізгі құрылғыны шолу | 203 |
| Қашықтан басқару құралына шолу | 204 |
| 3 Жұмысты бастау | 206 |
| Орналастыру | 206 |
| FM антеннасын жалғау | 206 |
| Қашықтан басқару құралын дайындау | 206 |
| Қуатты қосу | 207 |
| Сағатты орнату | 207 |
| Қосу | 207 |
| FM радио станцияларын автоматты түрде сақтау | 208 |
| 4 Ойнату | 208 |
| Дискіні ойнату | 208 |
| USB құрылғысынан ойнату | 208 |
| Ойнату опциялары | 209 |
| Дыбысты реттеу | 210 |
| Әр түрлі ақпаратты көрсету | 210 |
| 5 FM радионы тыңдау | 210 |
| FM радио станцияларын реттеу | 210 |
| FM радиостанцияларын автоматты түрде бағдарламалау | 211 |
| FM радиостанцияларын қолмен бағдарламалау | 211 |
| Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау | 211 |
| RDS ақпаратын көрсету | 211 |
| Стерео/моно хабар таратуды таңдау | 211 |
| 6 Басқа мүмкіндіктер | 212 |
| Оятқыш таймерін орнату | 212 |
| Ұйқы таймерін орнату | 212 |
| Сыртқы аудио құрылғыдан ойнату | 213 |
| Құлаққап арқылы тыңдау | 213 |
| 7 Өнім туралы ақпарат | 214 |
| Ерекшеліктер | 214 |
| USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер | 214 |
| RDS бағдарлама түрлері | 215 |
| Қолдау көрсетілетін MP3 диск форматтары | 215 |
| 8 Ақаулықтарды жою | 216 |
| 9 Ескерту | 217 |

1 Маңызды ақпарат

- Осы нұсқауларды оқыңыз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Желдету саңылауларын бітеменіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Қуат сымын, атап айтқанда, ашаларынан, розеткаларынан және құрылғыдан шығып тұрған жерінен басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе ашасы зақымдалса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кетсе, құрылғыға жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс істемей тұрса немесе құлап қалса, қызмет көрсетуді қажет етеді.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
- Барлық батареяларды қашықтан басқару құралына + және - белгісімен дұрыстап орнатыңыз.
- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).

- Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт қолданылмайтын болса, батареяларды алып қойыңыз.
- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған балауыз шамдар) қоймаңыз.
- Direct Plug-in адаптерінің ашасы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылатын жерде, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болып қалуы керек.

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін өнім корпусын алып тастамаңыз.

«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аудартады. АБАЙЛАҢЫЗ: от немесе ток соғу қауіптерін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар оның үстіне қойылмауы тиіс. ЕСКЕРТУ: ток соғуды болдырмау үшін штепсельдік ұш пен саңылауды жалпақ жақтарымен келтіріп, толығымен кіргізіңіз.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымна, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

Есту қауіпсіздігі



Қауіпті

- Есту қабілетіне зақым келтірмеу үшін гарнитураны жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану уақытын шектеп, дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге қойыңыз. Дыбыс деңгейі неғұрлым қатты болса, қауіпсіз тыңдау уақыты соғұрлым қысқа болады.

Құлақсаппа пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін жоғары деңгейге үздіксіз реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.
- Үқтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз.
- Құлақсаппардан немесе құлаққаптардан шамадан тыс дыбыс қысымы есту қабілетін жоғалтуға себеп болуы мүмкін.



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

2 Шағын жүйе

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: www.philips.com/support.

Кіріспе

Осы құрылғымен мына әрекеттерді орындауға болады:

- дискілердегі, USB жад құрылғыларындағы және басқа сыртқы құрылғылардағы дыбысты тыңдау;
- FM радиостанцияларын тыңдау

Дыбыс шығысын мына дыбыстық әсерлермен байытуға болады:

- DSC (сандық дыбысты басқару)
- Динамикалық бассты күшейту (DBB)

Бұл құрылғы мына құрал пішімдерін қолдайды:



- Бекіту жинағы (2 шпонка және 2 бұранда)
- FM антеннасы
- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы
- Қабырғаға бекіту нұсқаулары

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі — құрылғының астыңғы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____



Сериялық нөмір _____

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.


- Негізгі бөлік
- Қашықтан басқару пульті
- Қуат адаптері
- 1 x MP3 байланыс кабелі

Негізгі құрылғыны шолу



- ① USB құрылғысын қосу.
- ② Құлаққап ұясы.
- ③ Құралды қосыңыз/өшіріңіз.
Күту режиміне ауысу.
- ④ **SOURCE**
 - Көзді таңдау: CD, FM, USB немесе MP3 LINK.
- ⑤ Алдыңғы/келесі жолға өту.
Жол/диск ішінен іздеу.
FM радио стансаларын баптаңыз.
Уақытты реттеу.
- ⑥ Ойнатуды бастау/кідірту.
- ⑦ **MP3-LINK**
 - Сыртқы дыбыс құрылғысын қосу.
- ⑧ Диск науасын ашу/жабу.
- ⑨ **VOLUME + / -**
 - Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- ⑩ Ойнатуды тоқтату немесе бағдарламаны өшіру.
- ⑪ **FM ANT**
 - FM қабылдауын жақсартады.
- ⑫ **DC IN**
 - Қуат көзіне қосыңыз.
- ⑬ **Дисплейлі панель**
 - Ойнату туралы ақпаратты көрсету.
- ⑭ **Диск науасы**

Қашықтан басқару құралына шолу



- ① **⏻**
- Құралды қосыңыз/өшіріңіз.
 - Күту режиміне ауысу.
- ② **🔇**
- Дыбысты өшіру/қалпына келтіру.

- ③ **CD**
- CD көзін таңдау.
- ④ **⏮ / ⏭**
- Алдыңғы/келесі жолға өту.
 - Жол/диск ішінен іздеу.
 - FM радио стансаларын баптаңыз.
 - Уақытты реттеу.
- ⑤ **USB**
- USB көзін таңдау.
- ⑥ **RDS**
- Таңдалған FM радиостанциялары үшін: RDS ақпаратын көрсету.
- ⑦ **■**
- Ойнатуды тоқтату немесе бағдарламаны өшіру.
- ⑧ **VOL +/-**
- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- ⑨ **Numeric Keypad 0 - 9**
- Жолды тікелей дискіден таңдау.
 - Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
- ⑩ **PROG/CLOCK SET**
- Жолдарды бағдарламалау.
 - Радио станцияларды бағдарламалау.
 - Уақытты орнату.
- ⑪ **SLEEP/TIMER**
- Ұйқы/оятқыш таймерін орнату.
- ⑫ **DSC**
- Алдын ала орнатылған дыбыс параметрін таңданыз.
- ⑬ **DBB**
- Динамикалық басс күшейтуді қосыңыз немесе өшіріңіз.
- ⑭ **REPEAT/SHUFFLE**
- Жолды немесе барлық жолдарды қайталап ойнату.
 - Жолдарды кездейсоқ ретпен ойнату.
- ⑮ **DISPLAY**
- Ағымдағы ақпаратты көрсетеді.

- ⑩ **MP3 LINK**
- MP3 Link көзін таңдау.
- ⑪ **▶ ||**
- Ойнатуды бастау/кідірту.
- ⑫ **▲ / ▼**
- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
 - Алдыңғы/келесі альбомға өту.
- ⑬ **FM**
- FM тюнер көзін таңдау.

3 Жұмысты бастау

! Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Орналастыру

Құрылғыны тегіс жерге қоюға немесе қабырғаға бекітуге болады.

Қабырғаға бекіту


Бумада қамтылған қабырғаға бекіту туралы нұсқауларды қараңыз.

FM антеннасын жалғау

* Кеңес

- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және күйін реттеңіз.

Жинақтағы FM антеннасын негізгі құрылғыдағы **FM ANT** ұяшығына жалғаңыз.




Қашықтан басқару құралын дайындау

! Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Батареяның қызмет мерзімінің азаю қаупі бар! Батареялардың әртүрлі брендтерін немесе түрлерін ешқашан араластырмаңыз.
- Өнімді бұзып алу қаупі! Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын жағдайда батареяларды алып тастаңыз.

Қашықтан басқару құралының батареясын салу үшін:

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 2 AAA батареясын көрсетілгендей дұрыс қаратып (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



Қуатты қосу

! Ескерту


- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток шнурын ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.
- Айнымалы ток адаптерін жалғарда, барлық басқа байланыстар орнатылғанына көз жеткізіп алыңыз.

☰ Ескертпе

- Типтік кесте негізгі құрылғының артқы жағында орналасқан.

Қуат адаптерін мынаған жалғаңыз:

- негізгі құрылғыдағы **DC IN** ұясына.
- қабырғадағы розеткаға.



Сағатты орнату

- 1 Күту режимінде, қашықтан басқару құралындағы **CLOCK SET** түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз.
↳ **[SET CLOCK]** (сағатты орнату) дисплейде жылжиды.
- 2 Қайтадан **CLOCK SET** түймесін басыңыз.
↳ 12/24 сағаттық пішім жыпылықтайды.
- 3 Сағат пішімін таңдау үшін, **◀◀ / ▶▶** түймесін қайта-қайта басыңыз.

- 4 Растау үшін, **CLOCK SET** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтайды.
- 5 Сағатты орнату үшін, 3-4-қадамдарды қайталаңыз.
- 6 Минутты орнату үшін, 3-4-қадамдарды қайталаңыз.
- 7 Осы құрылғының уақытын RDS станцияларымен синхрондау қажеттілігін таңдау үшін, 3-4-қадамдарды қайталаңыз.
 - **[NO SYNC CLOCK]** (синхрондалатын сағат жоқ): уақытты синхрондау өшіріледі.
 - **[SYNC RDS CLOCK]** (RDS сағатымен синхрондау): құрылғы уақытты RDS станцияларымен автоматты түрде синхрондайды.

☰ Ескертпе

- Берілген уақыттың дәлдігі уақыт сигналын беретін RDS стансасына байланысты.
- Егер 90 секундтың ішінде ешқандай түйме басылмаса, құрылғы сағатты орнату режимінен автоматты түрде шығады.

Қосу

- ⊖ түймесін басыңыз.
↳ Құрылғы соңғы таңдалған көзге ауысады.

☰ Ескертпе

- Ресурс таңдау үшін қашықтан басқару құралындағы **SOURCE** түймесін қайталап немесе ресурс таңдау түймелерін басыңыз.

Күту режиміне ауысу

- Құрылғыны күту режиміне ауыстыру үшін ⊖ түймесін басыңыз.
↳ Сағат (қойылса) дисплейге шығады.

FM радио станцияларын автоматты түрде сақтау

Құрылғы FM тюнер режиміне ауысса және радиостанциялар сақталмаған болса, [AUTO INSTALL - PRESS PLAY, STOP CANCEL]

(автоматты түрде орнату үшін ►► түймесін басыңыз; бас тарту үшін ■ түймесін басыңыз) көрсетіледі.

Толық іздеуді бастау үшін, ►► түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз.

- ↳ Құрылғы жеткілікті сигнал күші бар FM радиостанцияларын автоматты түрде сақтайды, одан кейін бірінші алдын ала орнатылған станцияны таратады.



Keңес

- Сақтау режимінен шығу үшін, ⏻ немесе ■ түймесін басыңыз.

4 Ойнату

Дискіні ойнату

- 1 Диск бөлімін ашу үшін, ▲ түймесін басыңыз.
- 2 Дискіні басылған жағын жоғары қаратып салыңыз.
- 3 Диск бөлімін жабу үшін ▲ түймесін басыңыз.
- 4 Диск көзін таңдау үшін қашықтан басқару құралында CD түймесін басыңыз.
↳ [Reading] (оқу) бір сәтке жыпылықтайды, одан кейін ықшам диск автоматты түрде ойнатыла бастайды. Егер ойнатылмаса, ►► түймесін басыңыз.


USB құрылғысынан ойнату



Ескертпе

- USB құрылғысында ойнатылатын аудио мазмұнның бар екеніне көз жеткізіңіз.

- 1 USB құрылғысын ↔ ұясына салыңыз.







- 2 USB көзін таңдау үшін, қашықтан басқару құралында **USB** түймесін басыңыз.
- ↳ Файлдар автоматты түрде ойнатылады. Егер ойнатылмаса, ►|| түймесін басыңыз.

Ойнату опциялары

Ойнатуды уақытша тоқтату/ жалғастыру

Ойнап тұрғанда ойнатуды уақытша тоқтату/
жалғастыру үшін ►|| түймесін басыңыз.

Қайталап/аралас ойнату

- 1 Ойнату кезінде келесіні таңдау үшін **REPEAT/SHUFFLE** түймесін қайталап басыңыз:
-  : ағымдағы жолды қайталап ойнату.
 -  ALL : барлық жолды қайталап ойнату.
 -  ALB (тек MP3/WMA үшін): альбомдағы барлық жолдарды қайталап ойнату.
 -  : барлық жолдарды кездейсоқ ретпен ойнату.
- 2 Қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін, жоғарыдағы белгіше кеткенше, **REPEAT/SHUFFLE** түймесін қайта-қайта басыңыз.

Жолға өту

CD үшін:

Басқа жолды таңдау үшін, |◀◀ / ▶▶| түймесін басыңыз.

MP3 дискісі және USB үшін:

- 1 Альбомды немесе қалтаны таңдау үшін, ▲ / ▼ / түймесін басыңыз.
- 2 Жолды/файлды таңдау үшін, |◀◀ / ▶▶| түймесін басыңыз.

Кеңес

- Жолды тікелей таңдау үшін, сандық пернетақтадағы бір пернені басуға да болады.

Жолда іздеу

- 1 Ойнату кезінде |◀◀ / ▶▶| түймесін басып тұрыңыз.
- 2 Қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз.

Жолдарды бағдарламалау.

Ең көбі 20 жолға дейін бағдарламалай аласыз.

- 1 CD/USB режимінде ойнатуды тоқтату үшін ■ түймесін басыңыз, одан кейін бағдарламалау режимін белсендіру үшін **PROG** түймесін басыңыз.
- ↳ [**PROG**] (бағдарлама) көрсетіледі.
- 2 MP3/WMA тректері үшін ▲ / ▼ түймесін басып, альбом таңдаңыз.
- 3 Трек таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз, сосын растау үшін **PROG** түймесін басыңыз.
- 4 Басқа тректерді бағдарламаға енгізу үшін 2-3 қадамдарды қайталаңыз.
- 5 Бағдарламаланған жолдарды ойнату үшін ►|| түймесін басыңыз.
- ↳ Ойнату кезінде [**PROG**] (бағдарлама) көрсетіледі.
- Бағдарламаны өшіру үшін, ойнату тоқтатылғанда ■ түймесін басыңыз.

Дыбысты реттеу

Ойнату кезінде дыбыс деңгейін реттеп, дыбыс әсерлерін таңдауға болады.

| Функция | Әрекет |
|---|---|
| Дыбыс деңгейін көбейту/ азайту үшін | VOL +/- түймесін басыңыз. |
| Дыбысты өшіру/қалпына келтіру үшін | ⏏ түймесін басыңыз. |
| Динамикалық бассты күшейту мүмкіндігін қосу/өшіру үшін | DBB түймесін басыңыз. |
| Дыбыс әсерін таңдау үшін: [POP] (поп) [JAZZ] (джаз) [CLASSIC] (классикалық) [ROCK] (рок) [FLAT] (флет) | DSC түймесігін қайта-қайта басыңыз. |

Әр түрлі ақпаратты көрсету

Ойнату кезінде уақытты және әр түрлі ойнату туралы ақпаратты көру үшін, **DISPLAY** түймесін қайта-қайта басыңыз.

5 FM радионы тыңдау

FM радио станцияларын реттеу



Ескертпе

- Антеннаны теледидардан, бейнемагнитофоннан немесе басқа радиация көзінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.
- Жинақтағы FM антеннасы жалғанғанын және толығымен ұзартылғанын тексеріңіз.

- 1 FM тюнер режимін таңдау үшін, **FM** түймесін басыңыз.
- 2 **◀◀ / ▶▶** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
↳ **[SEARCH]** (іздеу) көрсетіледі.
↳ Құрылғы күшті қабылдау сигналы бар FM станциясына автоматты түрде реттеледі.
- 3 Көбірек станцияларды реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.
Әлсіз станцияны реттеу үшін:
Оңтайлы қабылдау табылғанша **◀◀ / ▶▶** түймесін қайталап басыңыз.

FM радиостанцияларын автоматты түрде бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 20 алдын ала орнатылған FM радио станциясын бағдарламалай аласыз.

FM тюнер режимінде **PROG** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.

- ↳ **[AUTO]** (авто) көрсетіледі.
- ↳ Құрылғы барлық FM радиостанцияларын автоматты түрде сақтайды, одан кейін бірінші алдын ала орнатылған радиостанцияны таратады.

FM радиостанцияларын қолмен бағдарламалау

- 1 Тюнер режимінде FM радиостанциясына реттеңіз.
- 2 Бағдарламалау режимін белсендіру үшін, **PROG** түймесін басыңыз.
 - ↳ **[PROG]** (бағдарлама) жыпылықтайды.
- 3 Арна нөмірін таңдау үшін, ▲ / ▼ түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 4 Растау үшін қайтадан **PROG** түймесін басыңыз.
- 5 Басқа FM станцияларын сақтау үшін, 1-4-қадамдарды қайталаңыз.



Ескертпе

- Алдын ала сақталған станцияны алып тастау үшін оның орнына басқа станцияны таңдаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

Тюнер режимінде алдын ала орнатылған станцияның нөмірін таңдау үшін, ▲ / ▼ түймесін немесе сандық түймелерді басыңыз.

RDS ақпаратын көрсету

RDS (радио деректер жүйесі) — FM стансаларына қосымша ақпарат көрсетуге мүмкіндік беретін қызмет. RDS станциясына реттесеңіз, RDS белгішесі көрсетіледі.

- 1 RDS стансасына баптаңыз.
- 2 Төмендегі ақпаратқа (бар болса) өту үшін **RDS** түймесін қайта-қайта басыңыз:
 - ↳ Бағдарлама қызметі
 - ↳ Бағдарлама түрі, мысалы, **[NEWS]** (жаңалықтар), **[SPORT]** (спорт), **[POP M]** (поп музыка)...
 - ↳ Радио мәтін хабары
 - ↳ Уақыт

Сtereo/mono хабар таратуды таңдау



Ескертпе

- Stereo хабар тарату — тюнер режимінің әдепкі параметрі.
- Сигналдары әлсіз стансалар үшін: қабылдауды жақсарту үшін моно дыбысқа өзгертіңіз.

FM тюнер режимінде моно және stereo хабар тарату арасында ауысу үшін, ► || түймесін басыңыз.

6 Басқа мүмкіндіктер

Оятқыш таймерін орнату

Бұл құрылғыны оятқыш ретінде пайдалануға болады. Диск, FM тюнер немесе USB көзін оятқыш көзі ретінде таңдауға болады.

Ескертпе


- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Дисплейде **[SET TIMER]** (таймерді орнату) жылжығанша, күту режимінде **TIMER** түймесін басып тұрыңыз.
- 2 **TIMER** түймесін басыңыз.
↳ **[SELECT SOURCE]** (көзді таңдау) дисплейде жылжиды.
- 3 Көзді таңдау үшін, **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз немесе қашықтан басқару құралындағы көзді таңдау түймелерін басыңыз: диск, FM тюнер немесе USB.
- 4 Растау үшін, **TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтайды.
- 5 Сағатты орнату үшін, **⏪ / ⏩** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 6 Растау үшін, **TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтайды.
- 7 Минутты орнату үшін, 5-6-қадамдарды қайталаңыз.

Ескертпе

- Егер 90 секундтың ішінде ешқандай түйме басылмаса, құрылғы таймер орнату режимінен автоматты түрде шығады.

Оятқыш таймерін іске қосу немесе өшіру
Күту режимінде оятқышты іске қосу немесе өшіру үшін, **TIMER** түймесін қайталап басыңыз.

- ↳  таймер іске қосылғанда көрсетіледі.

Кеңес

- Егер CD/USB көзі таңдалған болса, бірақ диск салынбаған немесе USB қосылмаған болса, құрылғы тюнер көзіне автоматты түрде ауысады.

Ұйқы таймерін орнату

Ескертпе

- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

Құрылғы қосылғанда, ұйқы таймерінің кезеңін (минутпен) таңдау үшін **SLEEP** түймесін қайталап басыңыз.

- ↳ Ұйқы таймері іске қосылғанда, **zZ** дисплейге шығады.

Кеңес

- Ұйқы таймерін өшіру үшін, **[OFF]** (өшіру) көрсетілгенше, **SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз.

Сыртқы аудио құрылғыдан ойнату

Осы құрылғы көмегімен MP3 ойнатқышы сияқты сыртқы дыбыстық құрылғыдан дыбысты ойната аласыз.

- 1 Жинақтағы MP3 кабелін төмендегіге қосыңыз:
 - **MP3-LINK** ұяшығына және
 - сыртқы құрылғының дыбыс шығару ұяшығына.
- 2 MP3 link режимін таңдау үшін, **USB/MP3 LINK** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 3 Сыртқы құрылғыны ойнатуды бастаңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

Құлаққап арқылы тыңдау

Құлаққапты құрылғыдағы  ұясына қосыңыз.

7 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

| | |
|-----------------------|-----------------------|
| Номиналды шығыс қуаты | 2 x 10 Вт ОКМ |
| Жиілік жауабы | 80 Гц - 16 кГц; ±3 дБ |
| Сигнал-шу арақатынасы | ≥ 60 дБ |
| MP3 Link Input | 0,5 В RMS 20 кОм |

Диск

| | |
|--------------------------|------------------------------------|
| Лазер түрі | Жартылай өткізгіш |
| Диск диаметрі | 12 см/8 см |
| Қолдау көрсетілетін диск | CD-DA, CD-R, CD-RW, MP3-CD, WMA-CD |
| Дыбыс DAC | 24 бит/44,1 кГц |
| Гармоникалық мазмұн | < 1,5% (1 кГц) |
| Жиілік жауабы | 60 Гц - 16 кГц |
| С/Ш қатынасы | >55 дБА |

Тюнер (FM)

| | |
|---------------|----------------|
| Реттеу ауқымы | 87,5 - 108 МГц |
| Реттеу торы | 50 кГц |

| | |
|------------------------------|---------|
| Сезімталдық | |
| - Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы | <22 дБф |
| - Стерео, 46 дБ С/Ш қатынасы | >43 дБф |
| Іздеуді таңдау мүмкіндігі | >28 дБф |
| Жалпы гармоникалық бұрмалану | <3% |
| Сигнал-шуыл арақатынасы | >50 дБ |
| Алдын ала орнатылғандар саны | 20 |

Жалпы ақпарат

| | |
|-------------------------------|---|
| Айнымалы ток қуаты | Үлгі: AS300-120-AE250; Кіріс: 100 - 240 В ~, 50/60 Гц, 1,1 А Шығыс: 12,0 В = 2,5 А |
| Жұмыс үшін қуат тұтынуы | 15 Вт |
| Күту режимінде қуат тұтынуы | ≤1 Вт |
| Мөлшері | |
| - Негізгі құрылғы (Е x Б x К) | 400 x 235 x 98 мм |
| Салмағы | |
| - Қорабымен | 3,7 кг |
| - Негізгі құрылғы | 2,1 кг |

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

Үйлесімді USB құрылғылары:

- USB флеш жады (USB1.1)
- USB флеш ойнатқыштары (USB1.1)
- жад карталары (осы құрылғымен жұмыс істеу үшін қосымша карта оқу құралдары қажет)

Қолданылатын пішімдер:

- USB немесе жад файлы пішімі: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор көлемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32-320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдығы
- WMA v9 не одан бұрынғы
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар
- Альбомдар/ қалталар саны: ең көбі 99
- Жолдар/жазылымдар саны: ең көбі 999
- ID3 тәгі, 2.0 нұсқасы немесе одан кейінгі
- Unicode UTF8 форматындағы файл атауы (максималды ұзындығы: 16 байт)

Қолданылмайтын пішімдер:

- Бос альбомдар: бос альбом — құрамында MP3/WMA файлдары жоқ және дисплейде көрсетілмейтін альбом.
- Қолданылмаған файл пішімдері өткізіліп жіберіледі. Мысалы, Word құжаттары (.doc) немесе .dlf кеңейтімді MP3 файлдары еленбейді және ойнатылмайды.
- AAC, WAV, PCM дыбыстық файлдары
- DRM арқылы қорғалған WMA файлдары (.wav, .m4a, .m4p, .mp4, .aac)
- Lossless пішіміндегі WMA файлдары

RDS бағдарлама түрлері

| | |
|---------|-------------------------------|
| NOTYPE | RDS бағдарлама түрі жоқ |
| NEWS | Жаңалықтар қызметтері |
| AFFAIRS | Саясат және ағымдағы істер |
| INFO | Арнайы ақпарат бағдарламалары |
| SPORT | Спорт |
| EDUCATE | Білім және кеңейтілген оқыту |

| | |
|----------|----------------------------------|
| DRAMA | Радио пьесалары және әдебиеті |
| CULTURE | Мәдениет, дін және қоғам |
| SCIENCE | Ғылым |
| VARIED | Ойын-сауық бағдарламалары |
| POP M | Поп музыка |
| ROCK M | Рок музыкасы |
| MOR M | Жеңіл музыка |
| LIGHT M | Жеңіл классикалық музыка |
| CLASSICS | Классикалық музыка |
| OTHER M | Басқа музыка бағдарламалары |
| WEATHER | Ауа райы |
| FINANCE | Қаржы |
| CHILDREN | Балаларға арналған бағдарламалар |
| SOCIAL | Әлеуметтік істер |
| RELIGION | Дін |
| PHONE IN | Телефон кірісі |
| TRAVEL | Сапар шегу |
| LEISURE | Бос уақыт |
| JAZZ | Джаз музыкасы |
| COUNTRY | Кантри музыкасы |
| NATION M | Ұлттық музыка |
| OLDIES | Ескі музыка |
| FOLK M | Халықтық музыка |
| DOCUMENT | Деректік |
| TES | Дабылды тексеру |
| ALARM | Дабыл |

Қолдау көрсетілетін MP3 диск форматтары

- ISO9660, Joliet
- Максималды тақырып атауы: 999 (файл атауының ұзындығына байланысты)
- Максималды альбом атауы: 99
- Қолдау көрсетілетін үлгі жиіліктері: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
- Қолдау көрсетілетін бит жылдамдықтары: 32~320 (кбит/сек), ауыспалы бит жылдамдықтары

8 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасаманыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының АТ қуат сымның дұрыс қосылуын қамтамасыз етіңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде жолды ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару болмаса, жүйе 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Құлақаспаптарды ажыратыңыз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын, алдымен негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасын жақындатыңыз.
- Батареяны көрсетілгендей қарсылықпен (+/- белгілері) туралап салыңыз.

- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғының алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

Диск таңдалмаған

- Дискіні салыңыз.
- Дискінің төмен қарап салынғанын тексеріңіз.
- Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.
- Дискіні ауыстырыңыз немесе тазалаңыз.
- Пішімделген ықшам дискіні немесе дұрыс пішімдегі дискіні пайдаланыңыз.

USB құрылғысындағы кейбір файлдарды көрсету мүмкін емес

- USB құрылғысындағы қалталардың не файлдардың саны белгілі бір шектен асып кеткен. Бұл құбылыс ақаулыққа жатпайды.
- Бұл файлдардың форматтарына қолдау көрсетілмейді.

USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB құрылғысы құрылғымен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- FM антеннасын түгелдей созыңыз.

Таймер істемейді

- Сағатты дұрыс орнатыңыз.
- Таймерді қосыңыз.

Сағат/таймер параметрін өшірілген

- Токқа кедергі келтірілген немесе электр шнуры ажыратылған.
- Сағатты/таймерді қалпына келтіріңіз.

9 Ескерту

Gibson Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 2014/53/EU директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support веб-сайтынан табуға болады.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2012/19/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2013/56/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Көшіруден қорғалған материалдың, соның ішінде компьютерлік бағдарламалардың, файлдардың, телерадио хабарлары мен дыбыстық жазбалардың көшірмелерін рұқсатсыз жасау авторлық құқықты бұзу және қылмыстық іс болуы мүмкін. Бұл жабдықты осындай мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс.

Бұл құрылғыда мына белгі бар:




Кассалық және тауарлық
чектердің жасасыру орны

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы*

| | |
|---------------------------------|----------------------------|
| Модель: | <i>Толтырылуы міндетті</i> |
| Сериялық нөмір: | <i>Толтырылуы міндетті</i> |
| Сату уақыты: | <i>Толтырылуы міндетті</i> |
| САТУШЫ: | |
| Сауда ұйымының атауы: | <i>Толтырылуы міндетті</i> |
| Сауда ұйымының телефоны: | <i>Толтырылуы міндетті</i> |
| Мекенжай және E-mail: | <i>Толтырылуы міндетті</i> |



Құралды жарамды күйде, толық жиынтығылықта, орыс тіліндегі пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен алдым. Барлық техникалық сипаттамаларымен, атқарымдық мүмкіндіктерімен және пайдалану ережелерімен таныстым. Құрал қаралды және менің қатысуымен тексерілді, сапасы мен сыртқы түріне наразылықтар жоқ. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта және кепілдемелік талонда көрсетілген барлық нұсқауды орындауға міндеттемін және құралдың барлық пайдаланушыларымен орындалуына кепіл боламын. Кепілдік шарттарымен таныстым және келісемін.

(Т.А.Ә және сатып алушының қолы)

Назар аударыңыз! Сатушы кепілдік талонды толық толтыруын талап етініз!

Кепілдік талон қате немесе толық емес толтырылған жағдайда, сатушының мөрі және сатып алушының қолы қойылмаса жарамсыз болып табылады. Сатып алу туралы кассалық және тауарлық чектер осы кепілдік талонға жапсырылуы тиіс.



Copyright © 2011 Gibson Innovations Limited. Revised Edition © 2017
This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd.,
and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product.
Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used
under license.

MCM2050_12_UM_V5.0

